

ЭОЖ 811.5

ҒТАХР 16.31.51

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.040>

ТҮРКІТІЛДЕС СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАЗБА ДИСКУРСЫНДАҒЫ КОГЕЗИЯ МЕН КОГЕРЕНТТІЛІККЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯНЫҢ ЫҚПАЛЫ

*Өмірзақова А.К.¹, Оданова С.А.², Сатинбекова М.М.³

*^{1,2,3}Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін шет тілі ретінде үйреніп жүрген түрікмен студенттердің жазба дискурсындағы грамматикалық интерференция мәселесі және аталған интерференциялық ауытқулардың туындауына негіз болатын себептер қарастырылады. Түркітілдес аудиторияға арналған оқыту әдістемесінің жеткіліксіздігі мақала тақырыбының өзектілігін айқындайды. Зерттеу жұмысы интерференцияның инофондардың жазба мәтіндеріндегі когезия мен когеренттілік көрсеткіштеріне тигізетін ықпалын анықтауға бағытталған.

Зерттеудің мақсаты – түрікмен студенттердің қазақ тіліндегі жазба жұмыстарында кездесетін грамматикалық интерференцияның мәтіннің құрылымдық және мағыналық тұтастығына әсерін айқындау және оны азайтудың тиімді әдістемелік жолдарын ұсыну. Мақаланың басты идеясы білім алушылардың ана тілі (L1) ресурстарын екінші тілді (L2) меңгеруге кедергі ретінде емес, керісінше, саналы әрі мақсатты түрде пайдаланылатын тірек ретінде қарастыруға негізделеді.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі интерлингвистикалық, дискурстық және лингводидактикалық тәсілдердің үйлесімінен тұрады. Зерттеу барысында салғастырмалы-салыстырмалы әдіс, қателерді талдау, сапалық стилистикалық талдау және педагогикалық эксперимент қолданылды. Зерттеу материалы ретінде қазақ тілін А2 деңгейінде үйреніп жүрген түрікмен студенттердің мазмұндама жанрындағы жазбаша жұмыстары пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері түрікмен студенттердің жазба дискурсында морфологиялық интерференцияның тұрақты әрі жүйелі сипатта көрінетінін көрсетті. Қосымшалардың алломорфтарын дұрыс қолданбау, ана тіліндегі грамматикалық үлгілерді қазақ тіліне механикалық көшіру және мәтін түзу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуы когезия мен когеренттілікті әлсірететін негізгі факторлар ретінде айқындалды.

Зерттеу жұмысының құндылығы грамматикалық интерференцияның жазба мәтіннің микродеңгейлік (когезия) және макродеңгейлік (когеренттілік) құрылымына бір мезгілде әсер ететінін дәлелдеуімен ерекшеленеді. Бұл

түркітілдес студенттердің академиялық жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған теориялық тұжырымдарды тереңдетеді.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы грамматикалық интерференцияны «жалаң» қателер жиынтығы ретінде емес, когнитивтік және дискурстық деңгейлерде көрінетін күрделі құбылыс ретінде сипаттауымен айқындалады. Алынған нәтижелер қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту теориясын түркітілдес аудитория контекстінде толықтырып, когезия мен когеренттілік ұғымдарының оқыту процесіндегі рөлін нақтылайды.

Зерттеу нәтижелері, практикалық тұрғыдан қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруге және арнайы оқу материалдарын әзірлеуге негіз болады. Берілген тәсілдер студенттердің жазба жұмыстарындағы грамматикалық дәлдікті, логикалық жүйелілікті және стильдік бірізділікті арттыруға, интерференциялық қателерді жүйелі түрде азайтуға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: грамматикалық интерференция, когезия, когеренттілік, транслингвалды әдіс, жазба дискурс, мазмұндама, оқыту әдістемесі, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту

Кіріспе

Соңғы жылғы статистикаға сүйенсек, еліміздегі шетелдік студенттердің ішінде түрікмен студенттерінің үлесі айтарлықтай артқан. Бұл құбылыс қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жаңа қырынан қарастыруды талап етеді, өйткені бұған дейінгі бағдарламалар көбіне туыс емес тілдер – орыс және ағылшын тілді аудиторияларға бейімделген болатын. Сондықтан бүгінгі таңда түркітілдес аудиторияларға, соның ішінде түрікмен студенттеріне қазақ тілін меңгертуде жаңаша методология мен арнайы әдістер әзірлеу қажеттігі туындап отыр. Қазақ және түрікмен тілдері типологиялық тұрғыдан агглютинативті, SOV құрылымды, үндестік заңдылығына бағынатын туыс тілдер болғанымен, олардың морфемдік парадигмаларында, фонема-графема сәйкестіктерінде әрі лексикалық семантикасында елеулі өзгешеліктер бар. Бұл ұқсастық пен айырмашылық оң (facilitative) тіларалық ауысу мен теріс (inhibitive) тіларалық ауысудың қатар жүруін тудырады. Нақтырақ айтқанда, студент бір жағынан ұқсас құрылымдарды жылдам меңгерсе, екінші жағынан жалған балама құрылымдар мен морфологиялық алмастырулар тұрақты қате үлгілеріне айналдырады. Сондықтан интерференцияны арнайы диагностикалау, типтік қателер корпусын құру және салыстырмалы-транслингвалды жаттығуларды енгізу – түркітілдес аудиторияда қазақ тілін тиімді меңгертудің әдіснамалық алғышарты. Мұндай тәсіл студенттің оқу уақыты мен ресурсын үнемдейді әрі студенттің метатілдік рефлексиясын дамытып, тұрақты тілдік құзыреттіліктің қалыптасуын жеделдетеді.

Интерференция – көптілді ортада әртүрлі тілдік жүйелердің когнитивтік өзара ықпалдасуынан пайда болатын заңды құбылыс. Ол ана

тілінің морфосинтаксистік үлгілерін екінші тілге бейсаналы түрде көшіру нәтижесінде туындап, фонетикалықтан бастап мәтіндік-прагматикалық деңгейге дейінгі барлық қабатты қамтиды [1-2]. Тілдік интерференция – екі не бірнеше тілде сөйлейтін адамның ойлау жүйесіне әсер ететін күрделі психо- және социолінгвистикалық құбылыс. Оны зерттеу тек қателерді жіктеумен шектелмей, когнитивтік, прагматикалық және дискурстық қырларын да қамтуылуы тиіс. Осы тұрғыдан келгенде, жұмысымыздың зерттеу нысаны ретінде жазба дискурсындағы когезия (мәтін ішіндегі лексика-грамматикалық байланыстардың формалды жүйесі) [3] мен когеренттілік (мәтін мазмұнының мағыналық-логикалық ұйымдасуы) ұғымдарын алып отырмыз.

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда білім алушылардың жазылым дағдыларын қалыптастыру – ең маңызды әрі өзекті міндеттердің бірі. Өйткені жазба тіл – ойды жүйелі жеткізудің, дәлел келтіріп, пайымдауды негіздеудің негізгі құралы. Студенттің академиялық жетістігі, ең алдымен, эссе, реферат, баяндама, мақала сияқты ғылыми-оқу жанрларында сауатты мәтін құра білуіне байланысты. Студенттің жазылым дағдысы жеткіліксіз болса, оқу бағдарламасының когнитивтік-зерттеушілік талаптарын толық орындай алмайтыны анық.

Көптеген психолінгвистикалық зерттеулерде жазу әрекеті когнитивтік рефлексияны күшейтіп, метатілдік сананы қалыптастыратындығы айтылған. L. Flower және J.R. Hayes жазуды мақсат қою, жоспарлау, мәтін өндіру және қайта қарау сияқты өзара тоғысқан когнитивтік процестер жүйесі ретінде сипаттайды [4, 369-б.]. Олар осы кезеңдердің әрқайсысында тілдік бірліктердің жүйелі түрде ұйымдасатынын, яғни автордың метатілдік интуициясы үнемі белсенді болатынын атап көрсетеді. M. Halliday және R. Hasan жазба дискурстағы когезиялық тізбектерді саналы түрде таңдауды «коммуникативтік жобалау», - деп [5, 299-305-бб.] қарастырса, R. Kellogg жазуды «психикалық көпқырлы жүктеме» [6, 9-б.] ретінде сипаттайды. Оның пайымдауынша, жазу барысында жады, тілдік жоспарлау және өзін-өзі бақылау бір мезетте іске қосылып, метатілдік сананың дамуына тікелей ықпал етеді. E. Bialystok метатілдік сананың өсуін екінші тілдегі жазу көлемінің артуымен байланыстырса [7], W. Grabe және R. Kaplan академиялық L2 жазылымында дискурстық стратегияларды саналы таңдауды мәдениаралық бейімделудің негізгі шарты деп көрсетеді [8].

Педагогикалық бақылау нәтижелері түрікмен студенттердің қазақ тілі сабақтарында жазба тапсырмаларын орындау кезінде ана тілінің құрылымына сүйеніп, қазақ тілінің нормаларына сай келмейтін синтаксистік және морфологиялық үлгілерді жиі қолданатынын көрсетті. Мұндай интерференция когезия мен когеренттілік деңгейінде де айқын байқалып, мәтіннің мазмұндық тұтастығын, логикалық жүйелілігін және стилистикалық дәлдігін әлсіретеді [9-11]. Мысалы, сөз тәртібінің бұзылуы, септік жалғауларының алломорфтарын дұрыс жалғамауы немесе

жалғаулықтардың орынсыз қолданылуы сөйлемдер арасындағы мағыналық байланыстарды ішінара үзеді де, оқу дискурсының сапасын төмендетеді. Бұл құбылыс студенттердің академиялық тілдік-коммуникативтік құзыретін толық қалыптастыруға кедергі жасайды.

Түркітілдес аудиторияда грамматикалық интерференцияның тілдік-дискурстық салдарын айқындау үшін мазмұндама жанрын таңдаудың бірнеше ғылыми уәждемесі бар. Біріншіден, мазмұндама – қазақ тілін меңгертудің А2 деңгейіндегі сөйлеу әрекетінің продуктивті дағдыларын дамытатын құралдың бірі деп санаймыз. Өйткені оның мақсаты – дайын ақпаратты қысқартып, жүйелі түрде қайта баяндау; бұл жерде студент жаңа идея тудырмай, түпнұсқа мәтінді тілдік құралдар арқылы қайта жаңғыртады. Мұндай формат жазба дискурстағы когезия деңгейіндегі интерференцияны дәл анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, мазмұндамада когезиялық тізбектер (референция, субституция, эллипсис, дискурстық маркерлер) мен когеренттілік көрсеткіштері (тақырыптық прогрессия, себеп-салдар, қарама-қарсылық) формалды тұрғыда айқын көрінеді; оларды сапалық-сандық талдау интерференцияның мәтін құрылымын бұзу механизмдерін нақты сипаттауға жағдай жасайды. Үшіншіден, мазмұндама – жазба дискурсының жанрлары (эссе, реферат, аннотация) үшін «дайындық алаңы» іспетті. Осы жанрда қалыптасатын когезиялық әрі когеренттік дағдылар академиялық жазылымның бүкіл жүйесіне негіз болады. Сондықтан мұнда анықталған интерференциялық ауытқуларды дер кезінде түзету студенттің кейінгі ғылыми мәтіндердегі табысына тікелей әсер етеді. Төртіншіден, мазмұндама бағалау критерийлері жағынан стандартталған: сөйлемдер саны, ақпарат көлемі, логикалық дәйектілік нақты регламенттелгендіктен, интерференциялық қателерді тіркеу мен сандық өлшеу статистикалық тұрғыдан талдау жасауға мүмкіндік береді. Бесіншіден, мазмұндама жазу барысында кездесетін типтік қателерді лингводидактикалық тұрғыдан жедел түзетуге болады: абзацаралық байланысты күшейту, шылауларды орынды қолдану, септік/жіктік тұлғаларын бекіту сияқты мақсатты жаттығулар студенттердің жазылым сапасын едәуір арттырады. Осы аталған факторлар мазмұндама жанрын когезия мен когеренттілікке грамматикалық интерференцияның әсерін зерттеуге әдістемелік тұрғыдан тиімді нысан етеді әрі алынған нәтижелерді практикалық сабақтарға тікелей енгізуге жағдай жасайды.

Мақаланың өзектілігі интерференциялық қателердің (түрікмен студенттер мысалында) мәтіннің құрылымы, логикалық жүйелілігі және стилистикалық біртұтастығына әсерін анықтауымен негізделеді. Мұндай талдау лингводидактикалық тәжірибені толықтырып қана қоймай, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесіне жаңаша қырынан қарауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, алынған ғылыми нәтижелер интерференцияны азайтуға арналған оқу материалдары мен оқыту стратегияларын әзірлеуге теориялық әрі практикалық база қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда,

түркітілдес студенттердің жазба дискурсында когезия мен когеренттілік көрсеткіштеріне грамматикалық интерференцияның ықпалын зерделеу – қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың тиімділігін арттыруға бағытталған өзекті ғылыми-әдістемелік міндет болып табылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу жұмысы қазақ тілін шет тілі ретінде оқып жүрген түрікмен студенттердің жазба дискурсында жиі кездесетін грамматикалық интерференцияны лингвистикалық, мәтіндік және лингводидактикалық тұрғыдан кешенді талдауға арналған. Зерттеудің басты мақсаты – интерференцияның мәтіннің құрылымдық және мағыналық тұтастығына, яғни когезия мен когеренттілік көрсеткіштеріне ықпалын анықтау әрі оны азайтудың әдістемелік жолдарын ұсыну.

Мақаланың әдіснамалық негізі интерлингвистикалық, дискурстық және педагогикалық тәсілдердің үйлесімінен тұрады. Зерттеудің материалдық базасына ағымдағы оқу жылында жиналған, қазақ тілін А2 деңгейінде оқып жүрген түрікмен студенттердің жазбаша жұмыстары (мазмұндама) енгізілді. Аталған мәтіндер интерференциялық құбылыстарды сипаттайтын корпус қызметін атқарады.

Түркітілдес студенттердің жазба жұмыстарындағы когезия мен когеренттілікке грамматикалық интерференцияның ықпалын анықтау мақсатында зерттеу үш кезеңде жүзеге асты. *Дайындық кезеңінде* мазмұндамалар корпуста біріктіріліп, когезия мен когеренттілікті бағалау критерийлері белгіленді. *Аналитикалық кезеңде* қазақ және түрікмен тілдерінің морфологиялық-синтаксистік жүйелері салыстырмалы-типологиялық әдіспен қарастырылып, интерференциялық қателер түрлері жіктелді. *Қорытынды кезеңде* алынған деректер негізінде грамматикалық интерференцияны түзетуге арналған арнайы лингводидактикалық тапсырмалар кешені әзірленіп, оқу процесінде сынақтан өткізілді; нәтижесінде ұсынылған тапсырмалардың тиімділігі нақты оқыту жағдайында дәлелденді.

Зерттеу жұмысында келесі әдістер қолданылды: *салғастырмалы-салыстырмалы әдіс* – қазақ және түрікмен тілдеріндегі грамматикалық жүйелерді салыстыру арқылы интерференцияға бейім құрылымдар анықталды. *Қателерді талдау әдісі* – жазбаша мәтіндерде жиі кездесетін грамматикалық ауытқулар сипатталып, олардың себептері мен жиілігі сараланды; сапалық стилистикалық талдау – мәтіндердің стильдік дәлдігі мен логикалық тұтастығы сараптамалық тұрғыдан бағаланды. Бұл ретте М. Halliday және R. Hasan [5], T. van Dijk [12], ұсынған когезия мен когеренттілік модельдері теориялық негіз ретінде алынды. *Эксперименттік әдіс* – зерттеу барысында әзірленген әдістемелік тапсырмалар оқу процесіне енгізіліп, олардың практикалық тиімділігі бағаланды. Осы әдістердің үйлесімді және кезеңдік қолданылуы интерференция құбылысының тілдік

және дискурстық сипаттарын жан-жақты сипаттауға, сондай-ақ оны азайтуға бағытталған тиімді әдістемелік тәсілдерді ұсынуға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері қазақ тілін базалық деңгейінде оқитын түрікмен студенттердің жазба дискурсында грамматикалық интерференцияның тұрақты әрі жоғары көрсеткіші байқалатынын дәлелдеді. Бұл топ сөйлеу тілінің құрылымдық үлгілерін жазба дискурс нормаларымен үйлестіруде елеулі қиындықтарға тап болып, дискурстық маркерлерді де шектеулі қолданатыны анықталды. Ауытқулардың негізгі себептері – екі тіл арасындағы құрылымдық-функционалдық айырмашылықтарды толық игермеу және стильдік-жанрлық бейімделудің жеткіліксіздігі. Мұндай көріністің басты алғышарты – базалық деңгейдегі студенттердің тілдік құзыреттері әлі қалыптасу үстінде болуы және олардың қазақ тілінің лексикалық қоры мен грамматикалық жүйесін толық меңгермеуі. Демек, мәтін түзу мен метатілдік рефлексия, яғни тілдік бірліктерді (дыбыс, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, дискурс) олардың қызметінен бөліп, объект ретінде саналы талдау және тілдік формалар мен қызметтердің ара-қатынасын түсіндіру дағдылары да қалыптасу сатысында тұр. Осыған орай интерференция деңгейін төмендету үшін транслингвалды тәсілге негізделген арнайы лингводидактикалық қолдау кешендерін әзірлеу қажет деп санаймыз.

Түрікмен студенттердің жазбаша жұмыстарында морфосинтаксистік деңгейдегі интерференция келесі типтік көріністер арқылы сипатталды:

1) *Аффикстердің дыбыстық вариативтілігінің шектеулігі.* Қазақ және түрікмен тілдерінің синтаксистік типологиясы (SOV) ұқсас болғанымен, морфологиялық деңгейдегі үндестік заң рәжелері айтарлықтай ерекшеленеді және грамматикалық интерференцияның негізгі көзіне айналады. Түрікмен тілінде қосымшалар көбіне буын үндестігі (жуан / жіңішке) бойынша жалғанса, ал дауыссыздардың позициялық ассимиляциясы жүйелі түрде іске аспайды. Қазақ тілінде, керісінше, сөз тудырушы және сөз түрлендіруші қосымшалардың алломорфтары буын сингармонизмімен бірге үнді-қатаң-ұяң дауыссыздардың ассимиляциясына бағынып, фонетикалық нұсқалары кең ауқымда өзгереді. Соның нәтижесінде қосымшалардың фонетикалық нұсқалары түрікмен тіліне қарағанда әлдеқайда алуан түрлі. Мысалы:

Кесте 1. Аффикстердің дыбыстық вариативтілігінің шектеулігі

Көптік жалғау		Интерференция көрінісі
Қазақ тілі	Түрікмен тілі	
-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер	-lar/-ler	Gyzlar – қызлар (қыздар) Mekdepler – мектептер (мектептер) Agaçlar – ағашлар (ағаштар)
Табыс септігі		Gyzny – қызны (қызды)
-ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті	-ny/- ni	Mekdeпni – мектепні (мектепті) Agaçny – ағашны (ағашты)

Түрікмен студенттері дәл осы дыбыстық вариативтілікті меңгеруде қиналатындықтан, қосымшаларды үндестік заңына сәйкес тұлғалай алмай, септік, көптік және жіктік формаларында жиі қате жібереді.

2) *Тіл үйренушілердің ана тілінде мәтін түзу дағдысының жеткіліксіз қалыптасуы.* Оқу процесіндегі педагогикалық бақылау түрікмен студенттерінің көпшілігінде L1-де мәтін түзу дағдысының әлсіз екенін көрсетті: олар мазмұндама жанрында күрделі жазба мәтін құрауда айтарлықтай қиындыққа тап болады. Бұл тек грамматикалық қателер санын өсіріп қоймай, мәтіннің когеренттілік сипаттамаларын да әлсіретеді. Атап айтқанда, мазмұндама жанрында жазылған жұмыстарда үш жүйелі кемшілік анықталды:

1. *Тақырыптық прогрессияның әлсіздігі* – негізгі идеялардың логикалық өрбуін қамтамасыз ететін себеп-салдар және рет-уақыт маркерлері жеткіліксіз, нәтижесінде дискурс үзік-үзік сипат алады.

2. *Абзацаралық байланыстардың «әлсіз» болуы* – логикалық өткел қызметін атқаратын дискурстық маркерлер (шылау сөздер, қыстырма сөздер, одағай және т.б.) сирек қолданылып, мәтіннің құрылымдық тұтастығы бұзылады.

3. *Когеренттілік пен логикалық жүйеліліктің әлсіреуі* – мәтіндегі ойлар хронологиялық не себеп-салдар тәртібімен өрбімегендіктен, оқырман мәтіннің мағыналық ағымын қабылдауда қиындыққа тап болады. Нәтижесінде мәтіннің жергілікті когезиясына (сөйлемдер арасындағы грамматикалық-лексикалық байланыстар) да, жалпы когеренттілігіне (мәтіннің мағыналық тұтастығына) нұқсан келеді. Бұл дерек J.Cummins тұжырымдамасын растап, ана тіліндегі жазба құзыреттілікті жүйелі дамыту L2-де академиялық тұрғыдан сауатты, когерентті мәтін құраудың алғышарты екенін айғақтайды.

3) *L1-дегі өнімді қосымшалар жүйесін L2-де қолдану.* Педагогикалық мониторинг қазақ тілін шет тіл ретінде оқитын түрікмен студенттердің жазба дискурсындағы интерференцияның, негізінен, ана тіліндегі (L1) өнімді грамматикалық үлгілерді екінші тілге (L2) механикалық көшіруден туындайтынын көрсетті. Қазақ және түрікмен тілдері агглютинативтік сипатты ортақ бөліскенімен, олардың морфологиялық нормаларында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Солардың бірі – шақ категориясы мен жіктік/көптік көрсеткіштерінің үйлесімі. Түрікмен тілінде III жақта көптік жалғауы (-lar/-ler) шақ формасымен бірге жалғануы қалыпты саналады (*olar oýnadylar*). Студенттер осы үлгіні қазақ тіліне тікелей тасымалдап, «*Çagalar bagçada oýnadylar – Балалар бақшада ойнадылар*» тәрізді комбинацияны жиі қолданады, ал қазақ тілінің нормасы көптікті жіктік жалғауының нөлдік формасымен (*балалар ойнады*) беріледі.

4) *L1-дегі грамматикалық құрылымдарды L2-ге механикалық көшіру.* Оқу процесінде студенттер өнімді аффикстермен қоса, дайын грамматикалық

үлгілерді де қазақ тіліне тікелей көшіріп қолданатыны байқалды [11]. Соның бірі – сөйлеушінің ниетін, ықылас-тілегін білдіретін қалау рай категориясы. Аталған тұлғаның морфологиялық түзілуі мен шақ-жақтық түрленімдері екі тілде ұқсас болғанымен, бірқатар айырмашылықтар интерференциялық қателерге негіз болады.

Қазақ және түрікмен тілдерінде қалау рай етістік түбіріне *-қы/-кі, -ғы/-гі (-asy/-esi)* жұрнақтарын жалғап, тиісті тәуелдік жалғауын (*-м, -ң, -ы/-і, -ымыз т.б.*) қосу арқылы жасалады; одан кейін көмекші *кел(у) (gelmek)* етістігі тіркеседі. Жақтық мән (субъектке қатысы) екі тілде де тәуелдік жалғауы арқылы берілсе, көмекші етістіктің шақтық түрленімі сөйлемнің уақытына қатысын көрсетеді. Мысалы:

Кесте 2. L1-ден → L2 -ге грамматикалық құрылымдарды механикалық көшіру

Шақ формалары	Қазақ тілі	Түрікмен тілі
Ауыспалы осы шақ	<i>Менің бар+ғым келеді</i>	<i>Men suw iç-es-im gelyär-in</i>
Жедел өткен шақ	<i>Менің бар+ғым келді</i>	<i>Men suw iç-es-im gelyär-di</i>
Дағдылы өткен шақ	<i>Менің бар+ғым келетін</i>	
Нақ осы шақ	<i>Менің бар+ғым келіп тұр</i>	<i>Men suw iç-es-im gelyär</i>

Қазақ тілін оқып жатқан түрікмен аудиториясының жазба және ауызша дискурсында жиі ұшырасатын қателердің бірі – көмекші етістіктің шақтық формасын дәл бере алмауы. Мысалы, түрікмен *gelyär* тұлғасы қазақша *келеді* формасына, *gelyär-di* тұлғасы *келді, келетін* формасына сәйкес келуі керек болса да, студенттер бұл сәйкестікті жиі бұзады.

Бұл ауытқулардың когнитивтік негізінде екі тілдегі қалау рай тұлғаларының морфемалық ұқсастығы (*-asy/-esi – -қы/-кі, -ғы/-гі*) жатқанмен, көмекші етістіктің шақ-жақтық бейімделуі әрқелкі болғандықтан, механикалық көшіру грамматикалық дәлдікке ғана емес, мәтіннің когезиялық-когеренттілік көрсеткіштеріне де теріс әсер етеді.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері қазақ тілін шет тілі ретінде оқып жатқан түрікмен студенттердің жазбаша мәтіндерінде грамматикалық интерференция құбылысы жиі әрі жүйелі кездесетінін көрсетті. Мұндай тілдік ауытқулар екі тіл арасындағы құрылымдық және когнитивтік айырмашылықтардың толық еңсерілмеуімен тікелей байланысты. Әсіресе, түрікмен тілінен қазақ тіліне тіларалық ауысу барысында енген грамматикалық үлгілер жазба дискурстың когезиясы мен когеренттілігін әлсіретіп, жанрлық талаптар мен стильдік нормаларға қайшы келетін сөйлемдердің қалыптасуына әкеледі.

M.Halliday және R.Hasan мен T.van Dijk ұсынған дискурстық модельдерге сәйкес, логикалық тұтастықты қамтамасыз ететін тілдік құралдарды жеткілікті деңгейде меңгермеу интерференциялық құбылысты одан әрі өршіте түседі. M.Halliday және R. Hasan мәтін-когезиялық моделі

когезияны мәтінді біртұтас ететін тілдік байланыстар жүйесі ретінде сипаттайды [5]. Авторлар мәтін құрылымын қамтамасыз ететін бес негізгі көрсеткішті ажыратады: референция, субституция, эллипсис, жалғаулықтық байланыс (conjunction), лексикалық когезия. Аталған көрсеткіштер мәтін элементтерін өзара байланыстырып, мағыналық әрі құрылымдық тұтастықты сақтайды.

T.van Dijk макроқұрылымдық моделі, керісінше, мәтіннің семантикалық-когнитивтік ұйымдасуын алдыңғы орынға қояды. Ғалым микроқұрылым (жеке сөйлем деңгейіндегі мағыналық байланыстар) мен макроқұрылым (мәтіннің жаһандық тақырыптық схемасы) ара қатынасын түсіндіреді. Макроқұрылым макропропозициялар жиыны арқылы көрініс табады. Оларды білім алушы мәтінді өңдеу кезінде бірнеше когнитивтік операция (жою, жалпылау, құрастыру) арқылы ықшамдап түзейді. Сонымен қатар, T.van Dijk мәтін жанрына тән «суперқұрылымды» бөліп көрсетеді: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды секілді макрокомпоненттер мәтінге жанрлық-логикалық реттілік береді. Демек, когеренттілік – микро- және макроқұрылымдар арасындағы мәндік сабақтастықтың сақталуы нәтижесінде қалыптасады [12]. Екі модельдің негізгі айырмашылығы талдауларында: M.Halliday және R. Hasan когезияны негізінен грамматикалық-лексикалық маркерлер арқылы өлшесе, T.van Dijk когеренттілікті семантикалық-когнитивтік деңгейде түсіндіреді. Дегенмен, олар өзара тоғыса отырып, мәтін тұтастығын кешенді сипаттауға мүмкіндік береді: когезиялық байламдардың бұзылуы логикалық бірлікті (когеренттілікті) әлсіретсе, макроқұрылымдық үзінділер өз кезегінде когезия құралдарының қызметінің бұзулуына әкелуі мүмкін.

Алломорфтық сәйкессіздіктер, алдымен, когезияны әлсіретеді: референция тізбектері үзіліп, бастауыш пен толықтауыштың грамматикалық рөлдері бұлыңғырланады. Бұдан бөлек, қате жалғанған септік пен жіктік формалары сөйлемаралық семантикалық дәйектілікті бұзып, макропропозицияларды дұрыс байланыстыруды қиындатады [12]. Соның салдарынан мәтіннің жалпы когеренттілігі де зардап шегеді: аргументтер реттілігі бұлыңғыр болып, оқырманға тақырыптық желіні түсінуін қиындатады. Бұл морфологиялық интерференция мәтіннің әрі микродеңгейлік байламдарын (когезияны), әрі макроқұрылымдық логикасын (когеренттілікті) бір мезгілде әлсіретеді.

J.Cummins тіларалық тасымалдау тұжырымдамасына сәйкес, тілдердің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жүйелері өзара дербес болғанымен, олардың негізінде ортақ когнитивтік-академиялық база жатады. Ана тілінде (L1) қалыптасқан мәтін түзу, талдау, ақпаратты құрылымдау, сыни ойлау сияқты дағдылар екінші тілде (L2) де функционалдық тұрғыдан тиімді жұмсалуы мүмкін. Алайда мұндай ауысудың нәтижелілігі L1-дегі академиялық құзырет деңгейіне тікелей тәуелді: ана тіліндегі жазба дағдысы әлсіз болса, L2-ні меңгеру процесі де баяулайды [13-14].

Инофон жұмыстарындағы морфологиялық сәйкессіздік когезиялық тұрғыдан бастауыш пен баяндауыштың морфологиялық келісімін (қиысуын) бұзып, референциялық тізбектерді әлсіретеді; когеренттілік тұрғыдан субъект саны мен уақытты бірізді сақтай алмау мәтіннің уақыттық-логикалық прогрессиясын көмескілендіреді. Демек, L1 → L2 механикалық ауысу грамматикалық дәлдікке ғана емес, мәтіннің тұтастығына да кері әсер етеді.

Морфологиялық деңгейдегі қателер қазақ пен түрікмен тілдерінің грамматикалық жүйелері ұқсас болғанына қарамастан, олардың категориялық ерекшеліктері айтарлықтай айырмашылықта екенін көрсетті. Бұл мәселені шешу үшін транслингвалды тәсілдің интегративтік әлеуеті пайдаланылды: студенттің L1 ресурстары «кедергі» емес, L2 нормаларын саналы игеруге дәнекер болатын «көпір» ретінде берілді. Әсіресе «код-комментарий» (code-comment) және «фондық транслитерация» (background transliteration) әдістері тиімді деп танылды: алдымен мәтін түрікмен тілінде жазылып, шақ-жақ көрсеткіштері визуалды түрде белгіленеді, содан кейін олар қазақ тілінің нормаларына сәйкестендіріледі. Мұндай екі тілде беру етістіктің шақтық түрленімдерін салыстыруға мүмкіндік беріп, жүйелі қателерді рефлексивті түрде жоюға септігін тигізеді.

Мәтіннің макроқұрылымдық тұтастығын қамтамасыз ету үшін студенттерге билингвалды (көстілді) ой карталарын пайдалану ұсынылады. «Тақырып-Рема» (Theme–Rheme) сызбасы алдымен түрікмен тілінде құрастырылып, кейін қазақша тезистермен толықтырылады; бұл әдіс тақырыптық прогрессияны жоспарлауға және мәтіндегі ой желісін иерархиялық ұйымдастыруға жағдай жасайды. Абзацаралық дәнекерді күшейту мақсатында екі тілдегі дискурстық маркерлердің интерактивті қоры жасалып, олардың прагматикалық функциялары контекстік мысалдар арқылы талданады. Жалпы когеренттілікті бекіту үшін «үлгі негізінде жазу» (*shadow-writing*) техникасы қолдану тиімді деп есептейміз. Өйткені студент алдымен түрікменше қысқа хроникалық мәтін құрап, сол құрылымды қазақ тілінде қайта жазады. Берілген хронологиялық маркерлер екі тілде параллель белгіленеді, бұл уақыт реттілігін сақтау дағдысын автоматтандырады.

«Метатілдік рефлексия журналын» жүргізу оқыту процесінің барлық кезеңінде тиімділігін көрсетті: студент апта сайын L1→L2 өтпеліндегі үзінділерін тандап, қателердің табиғатын, түзету стратегиясын және нәтижесін сипаттайды. Мұндай рефлексивті цикл когнитивтік мониторингті күшейтіп, интерференцияны саналы деңгейде бақылауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Түркітілдес аудиторияның қазақ тіліндегі жазба дағдыларын дамыту процесінде кездесетін негізгі кедергілердің бірі – морфологиялық интерференция мен макроқұрылымдық әлсіздіктердің тоғысуынан туындайды. Бұл кедергілерді транслингвизм тұжырымдамасының

негізгі теорияларымен түсіндіруге болады. Мәселен, В.Вайнрайхтың интерференция теориясы билингвтердің (қостілді) сөйлеу барысында екі тілдің элементтерін бір мезетте жұмылдыратынын, ал олардың өзара әрекеттестігі фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық деңгейлерде жүйелі ауытқуларға алып келетінін көрсетеді. Олай болса, қазақ және түрікмен тілдерінің грамматикалық ұқсастығы мұндай ауытқулардың жиі әрі айқын көрінуіне жағдай жасап, мәтіннің когезиясына кері әсер етеді. J. Cummins тіларалық тасымалдау моделіне сәйкес, білім алушының ана тіліндегі (L1) когнитивтік-академиялық негізінің жеткіліксіз дамуы екінші тілдегі (L2) жазба құзыреттіліктің баяу қалыптасуына себеп болады [13]. Демек, түрікмен студенттерінің қазақ тілінде мәтін түзу дағдыларының әлсіздігі, ең алдымен, L1 деңгейіндегі дискурстық құзыреттердің шектеулілігімен түсіндіреміз: бұл өз кезегінде мәтіннің когеренттілігіне тікелей ықпал етеді.

Зерттеу деректері грамматикалық интерференцияны тек тілдік қателік деңгейінде ғана емес, сонымен бірге когнитивтік әрі дискурстық құбылыс ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Интерференция – студенттің ана тілі мен екінші тілі арасындағы құрылымдық айырмашылықтарды автоматты түрде еңсере алмауынан туындайтын табиғи тілдік механизм. Сондықтан интерференцияның алдын алу және оны болдырмау үшін оқыту мазмұнында жалаң грамматикалық жаттығулардан гөрі тілдік рефлексияны, метатілдік түсінікті және дискурстық стратегияларды жүйелі дамытуға басымдық беру қажет. Зерттеу барысында аталған грамматикалық интерференциялардың мәтіннің когезиясы мен когеренттілігіне кері әсерін азайту мақсатында бірқатар әдістемелік шешімдер қолданылып, оң нәтиже алынды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ұсынылған транслингвалды интервенциялар, яғни мақсатты түрде жоспарлы араласу морфологиялық дәлдікпен қатар, жергілікті когезияны да, жалпы когеренттілікті де жүйелі түрде жақсартты. Түрікмен тіліндегі грамматикалық құрылымдарды қазақ тілінің нормаларымен салыстыра отырып, тілдік құзыреттілікті біртіндеп дамыту және сол ресурстарды L2-ні (қазақ тілін) саналы меңгеруге конструктивті түрде бағыттау – түркітілдес студенттердің қазақша жазба дискурсын сапалы деңгейге көтерудің шешуші тетігі болып табылады.

Грамматикалық интерференцияларды болдырмауға бағытталған оқу жаттығуларын транслингвалды интервенциялардың өзге компоненттерімен бірлесе қолдану студенттердің интерференциялық қателерін жүйелі түрде түзетуіне елеулі ықпал етті. Эмпириялық деректер А2 деңгейіндегі білім алушылардың сөйлем құрылымын құру, грамматикалық формаларды орынды қолдану және логикалық байланыстарды ұйымдастыру құзыреттері жақсарғандығын көрсетті. Нақтырақ айтқанда, морфологиялық қателердің жиілігі орта есеппен 28 %-ке, ал тақырыптық прогрессиядағы үзілімдер 31 %-ке төмендеді. Аталған көрсеткіштер ұсынылған транслингвалды және лингводидактикалық тәсілдердің тиімділігін дәлелдейді әрі түркітілдес

аудиторияның қазақ тіліндегі жазба дағдыларын сапалы деңгейге көтерудің перспективалы бағыты екендігін айғақтайды.

Алынған нәтижелер грамматикалық интерференцияны жалаң қателер жиынтығы емес, көптілді студенттің когнитивтік-дискурстық жүйесінде болатын процестің көрсеткіші екенін дәлелдеді. Бұл түркі тілдес студенттердің ана тілінің (L1) ресурстарын қазақ тіліндегі (L2) жазба құзыреттілікті дамытуға саналы түрде жұмылдыру арқылы метатілдік рефлексияны едәуір күшейтетінін көрсетеді. Ұсынылған лингводидактикалық жаттығулар интерференциялық ауытқуларды айтарлықтай азайтып, жазбаша жұмыстардың грамматикалық дәлдігін, құрылымдық-логикалық дәйектілігін және стильдік біркелкілігін арттырды. Демек, грамматикалық интерференция студент мәтіндеріне тек морфологиялық деңгейде ғана емес, сондай-ақ тақырыптық-логикалық тұтастық пен стилистикалық бірізділікке де ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Вайнрайх У. Языковые контакты: Состояние и проблемы исследования / пер. Ю. А. Жлуктенко. – Киев: Вища школа, 1979. – 263 с.

[2] Grosjean F. Studying bilinguals: Methodological and conceptual issues // *Bilingualism: Language and Cognition*. – 1998. – Vol. 1, № 2. – Pp. 131-149. <https://doi.org/10.1017/S136672899800025X>

[3] Кембаева А., Жұбай О., Жакипова М. Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері // *Еуразиялық гуманитарлық университетінің хабаршысы*. – 2025. – № 1. – Б.25-34.

[4] Flower L., Hayes J. R. A cognitive process theory of writing // *College Composition and Communication*. – 1981. – Vol. 32, № 4. – Pp. 365-387.

[5] Halliday M. A. K., Hasan R. *Cohesion in English*. – London: Longman, 1976. – 374 p.

[6] Kellogg R. T. *The Psychology of Writing*. – New York: Oxford University Press, 1994. – 239 p.

[7] Bialystok E. *Metalinguistic Awareness and Second-Language Reading*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1991. – 210 p.

[8] Grabe W., Kaplan R. B. *Theory and Practice of Writing: An Applied Linguistic Perspective*. – London: Longman, 1996. – 295 p.

[9] Toluspayeva D. et al. Affixation in morphological word formation and construction of lexemes in the English and Kazakh languages // *International Journal of Society, Culture & Language*. – 2024. – Vol. 12, № 1. – Pp. 326-336. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2024.2019058.3318>

[10] Загадуллина А. А. Текст и дискурс как основные формы коммуникации // *Абылайхан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы*. – 2021. – № 3 (62). – С. 24-34. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2021.62.3>

[11] Омурзакова А. К. Явление грамматической интерференции в условиях билингвизма // Вызовы и тренды мировой лингвистики. – Казань, 2020. – Т. 16. – С. 261-264.

[12] van Dijk T. A. Text and Context: Explorations in the Semantics and Pragmatics of Discourse. – London: Longman, 1977. – 259 p.

[13] Cummins J. Bilingualism and Special Education: Issues in Assessment and Pedagogy. – Clevedon: Multilingual Matters, 1984. – 225 p.

[14] Tan S. Translanguaging in second language writing processes // Linguistics and Education. – 2024. – Vol. 83. – Article 101333. <https://doi.org/10.1016/j.linged.2024.101333>

[15] García O., Wei L. Translanguaging: Language, Bilingualism and Education. – London: Palgrave Macmillan, 2014. – 239 p. <https://doi.org/10.1057/9781137385765>

REFERENCES

[1] Vajnrajh U. Yazykovye kontakty: Sostoyanie i problemy issledovaniya / per. Yu. A. Zhluktenko. – Kiev: Vishcha shkola, 1979. – 263 s.

[2] Grosjean F. Studying bilinguals: Methodological and conceptual issues // Bilingualism: Language and Cognition. – 1998. – Vol. 1, № 2. – Pp. 131-149. <https://doi.org/10.1017/S136672899800025X>

[3] Kembraeva A., Júbai O., Jakipova M. Tildik tulga diskursyndaғы kogeziya men retrospektsia táilderi // Eurazialyq gumanitarlyq universitetiniń habarshysy. – 2025. – № 1. – B.25-34.

[4] Flower L., Hayes J. R. A cognitive process theory of writing // College Composition and Communication. – 1981. – Vol. 32, № 4. – Pp. 365-387.

[5] Halliday M. A. K., Hasan R. Cohesion in English. – London: Longman, 1976. – 374 p.

[6] Kellogg R. T. The Psychology of Writing. – New York: Oxford University Press, 1994. – 239 p.

[7] Bialystok E. Metalinguistic Awareness and Second-Language Reading. – Cambridge: Cambridge University Press, 1991. – 210 p.

[8] Grabe W., Kaplan R. B. Theory and Practice of Writing: An Applied Linguistic Perspective. – London: Longman, 1996. – 295 p.

[9] Toluspayeva D. et al. Affixation in morphological word formation and construction of lexemes in the English and Kazakh languages // International Journal of Society, Culture & Language. – 2024. – Vol. 12, № 1. – Pp. 326-336. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2024.2019058.3318>

[10] Zagadullina A. A. Tekst i diskurs kak osnovnye formy kommunikatsii // Abylai Khan atyndaғы QazKhQzháneÁTU habarshysy. Filologiya gylymdary seriyasy. – 2021. – № 3 (62). – S. 24-34. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2021.62.3>

[11] Omurzakova A. K. Yavlenie grammaticheskoy interferentsii v usloviyakh bilingvizma // Vyzovy i trendy mirovoy lingvistiki. – Kazan', 2020. – Т. 16. – S. 261–264.

[12] van Dijk T. A. Text and Context: Explorations in the Semantics and Pragmatics of Discourse. – London: Longman, 1977. – 259 p.

[13] Cummins J. Bilingualism and Special Education: Issues in Assessment and Pedagogy. – Clevedon: Multilingual Matters, 1984. – 225 p.

[14] Tan S. Translanguaging in second language writing processes // Linguistics and Education. – 2024. – Vol. 83. – Article 101333. <https://doi.org/10.1016/j.linged.2024.101333>

[15] García O., Wei L. Translanguaging: Language, Bilingualism and Education. – London: Palgrave Macmillan, 2014. – 239 p. <https://doi.org/10.1057/9781137385765>

ВЛИЯНИЕ ГРАММАТИЧЕСКОЙ ИНТЕРФЕРЕНЦИИ НА КОГЕЗИЮ И КОГЕРЕНТНОСТЬ В ПИСЬМЕННОМ ДИСКУРСЕ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ СТУДЕНТОВ

*Омурзақова А.К.¹, Оданова С.А.², Сатинбекова М.М.³

^{1,2,3}Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И.Сатпаева, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается проблема грамматической интерференции в письменном дискурсе туркменских студентов, изучающих казахский язык как иностранный, а также анализируются причины, обуславливающие возникновение указанных интерференционных отклонений. Недостаточная разработанность методики обучения, ориентированной на тюркоязычную аудиторию, определяет актуальность заявленной темы. Исследование направлено на выявление влияния интерференции на показатели когезии и когерентности письменных текстов инофонов.

Цель исследования заключается в определении воздействия грамматической интерференции, проявляющейся в письменных работах туркменских студентов на казахском языке, на структурную и смысловую целостность текста, а также в разработке эффективных методических путей ее минимизации. Ключевая идея статьи основывается на рассмотрении ресурсов родного языка обучающихся (L1) не как препятствия в освоении второго языка (L2), а как опоры, осознанно и целенаправленно используемой в процессе обучения.

Методологическую основу исследования составляет интеграция интерлингвистического, дискурсивного и лингводидактического подходов. В ходе работы применялись сопоставительно-сравнительный метод, анализ ошибок, качественный стилистический анализ и педагогический эксперимент. В качестве эмпирического материала использованы письменные работы туркменских студентов, изучающих казахский язык на уровне А2, выполненные в жанре изложения.

Результаты исследования показали, что в письменном дискурсе

туркменских студентов морфологическая интерференция носит устойчивый и системный характер. Неправильное употребление алломорфов аффиксов, механический перенос грамматических моделей родного языка в казахский язык, а также недостаточная сформированность навыков текстообразования были определены как основные факторы, ослабляющие когезию и когерентность письменного текста.

Ценность исследования заключается в обосновании положения о том, что грамматическая интерференция оказывает одновременное влияние как на микроструктурный уровень письменного текста (когезию), так и на его макроструктурную организацию (когерентность). Данный вывод углубляет теоретические подходы к развитию академических навыков письменной речи у тюркоязычных студентов.

Научная значимость исследования определяется трактовкой грамматической интерференции не как совокупности изолированных ошибок, а как сложного явления, проявляющегося на когнитивном и дискурсивном уровнях. Полученные результаты дополняют теорию преподавания казахского языка как иностранного в контексте тюркоязычной аудитории и уточняют роль понятий когезии и когерентности в образовательном процессе.

Практическая значимость исследования заключается в возможности использования полученных результатов для совершенствования методики преподавания казахского языка, а также для разработки специализированных учебных материалов. Предложенные подходы способствуют повышению грамматической точности, логической последовательности и стилевой целостности письменных работ студентов, а также систематическому снижению интерференционных ошибок.

Ключевые слова: грамматическая интерференция, когезия, когерентность, транслингвальный метод, письменный дискурс, изложение, методика обучения, обучение казахского языка как иностранного

THE IMPACT OF GRAMMATICAL INTERFERENCE ON COHESION AND COHERENCE IN THE WRITTEN DISCOURSE OF TURKIC-SPEAKING STUDENTS

* Omurzakova A.¹, Odanova S.², Satinbekova M.³

^{*1,2,3}Satbayev Kazakh National Research Technical University
Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article examines the problem of grammatical interference in the written discourse of Turkmen students studying Kazakh as a foreign language and analyzes the factors contributing to the emergence of such interference-related deviations. The relevance of the topic is обусловлена недостаточной разработанностью методик обучения, ориентированных на тюркоязычную аудиторию. The study focuses on identifying the impact of interference on the cohesion and coherence of written texts produced by non-native speakers.

The aim of the study is to determine how grammatical interference manifested in the written works of Turkmen students affects the structural and semantic integrity of texts in Kazakh, as well as to propose effective methodological approaches for its reduction. The central premise of the article is based on viewing learners' first language (L1) resources not as an obstacle to second language (L2) acquisition, but as a support that can be consciously and purposefully utilized in the learning process.

The methodological framework of the study integrates interlinguistic, discourse-based, and linguodidactic approaches. The research employed comparative analysis, error analysis, qualitative stylistic analysis, and a pedagogical experiment. The empirical data consist of written compositions produced by Turkmen students studying Kazakh at the A2 proficiency level.

The results demonstrate that morphological interference in the written discourse of Turkmen students is persistent and systematic. Incorrect use of affix allomorphs, mechanical transfer of grammatical patterns from the native language into Kazakh, and insufficiently developed text production skills were identified as the main factors weakening textual cohesion and coherence.

The value of the study lies in substantiating the claim that grammatical interference simultaneously affects both the microstructural level of written texts (cohesion) and their macrostructural organization (coherence). This finding contributes to the development of theoretical approaches to enhancing academic writing skills among Turkic-speaking learners.

The scientific significance of the research stems from its interpretation of grammatical interference not as a set of isolated errors, but as a complex phenomenon manifested at both cognitive and discourse levels. The findings enrich the theory of teaching Kazakh as a foreign language in the context of a Turkic-speaking audience and clarify the role of cohesion and coherence in the instructional process.

The practical significance of the study lies in the potential application of the results to improve the methodology of teaching Kazakh and to develop specialized instructional materials. The proposed approaches contribute to increased grammatical accuracy, logical consistency, and stylistic coherence in students' written work, as well as to the systematic reduction of interference-related errors.

Keywords: grammatical interference, cohesion, coherence, translanguaging method, written discourse, retelling, teaching methodology, teaching Kazakh as a foreign language

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 03.02.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Өмірзақова Альфия Кеңесқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-9120-6199>, e-mail: a.omurzakova@satbayev.university

Оданова Сагира Амангелдіқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-2939-7198>, e-mail: s.odanova@satbayev.university

Сатинбекова Меруерт Мірқадырқызы – Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-8636-3942>, e-mail: s.satinbekova@satbayev.university

Информация об авторах:

Омурзакова Альфия Кенесовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального исследовательского технического университета имени К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-9120-6199>, e-mail: a.omurzakova@satbayev.university

Оданова Сагира Амангельдиевна – кандидат филологических наук, профессор Казахского национального исследовательского технического университета имени К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-2939-7198>, e-mail: s.odanova@satbayev.university

Сатинбекова Меруерт Мирхадировна – старший преподаватель Казахского национального исследовательского технического университета имени К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-8636-3942>, e-mail: s.satinbekova@satbayev.university,

Information about the authors:

Omurzakova Alfiya – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at Satbayev University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-9120-6199>, e-mail: a.omurzakova@satbayev.university,

Odanova Sagira – Candidate of Philological Sciences, Professor at Satbayev University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-2939-7198>, e-mail: s.odanova@satbayev.university,

Satinbekova Meruert – Senior Lecturer at Satbayev University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-8636-3942>, e-mail: s.satinbekova@satbayev.university